

Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 957 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қызылорда облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» (бұдан әрі - Мекеме) мемлекеттік мекемесінің жалпы алаңы 484,0 гектар жер учаскесі орман қоры жерлерінің санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Қызылорда облысының әкімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін орман және ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өндірісі шығындарының республикалық бюджеттің кірісіне өтелуін қамтамасыз етсін және алынған сүректі Мекеменің теңгеріміне бере отырып, аландарды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы

2 5

т а м ы з д а ғ ы

№ 9 5 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын орман қоры жерлерінің экспликациясы

Р/с №			Оның ішінде:					
	Ж е р пайдаланушылардың атауы	Жалпы ауданы, гектар	орман көмкерген	алаң- қайлар	жайы- лымдар	құрылыс салынған	жолдар	б а с қ а жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	«Қызылорда облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Сырдария	484,0	353,9	5,4	100,6	15,2		7,9

ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»						1,0	
ЖИЫНЫ	484,0	353,9	5,4	100,6	15,2	1,0	7,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК